

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 5 сәуір N 366-І

1-бап. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Z970126_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат) мынадай толықтыру

енгізілсін:

6-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелеріне не жерлеуді жүзеге асырған адамға он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді."

2-бап. Осы Заң 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Үмбетова А.М.)